

егемен

ҚАЗАҚСТАН

Тележурналистика тарланбозы

Телеөнер тарланы, тіл майданының қаһарманы, ұлт абызы Сұлтан Оразалы ғасыр ойшылдарымен, заманның саңлақ суреткерлерімен, көркемөнер қайраткерлерімен әдеби-шығармашылық жөнінен сұхбаттасып, ой толғап, сыр бөлісіп, тебіреніп әңгімелесуі – ұлт руханияты кеңістігіндегі шеберлік, шешендік, көсемдік ұстаханасы әрі ел, халық алдындағы айқын тарихи-көркем қызметі деу әділдік болар еді.



1983 жыл, 28 қыркүйек. Ташкент шаһары. Азия мен Африка жазушыларының конференциясында телеэкран алдында алтын балық үйіріндей Мұстай Кәрім, Қайсын Кулиев, Шыңғыс Айтматов сынды дарабоздарды жинап алған Сұлтекең шыныдай таза шынайы мақамды даусымен: «Әрқайсымыз өз ана тілімізде башқұртша, балқарша, қырғызша, қазақша сөйлесек, түркі тілдерінің туыстастығын танытар едік» – деп, бастамашылдық болмысы мен интеллектуалдық әлеуетін танытқан-ды.

Өзі жазғандай, «Парасат пырағы» Шыңғыс Айтматовтың 50-жасқа толуына орай 1978 жылы Бішкекке барып, емен-жарқын әңгіме тиегін ағытып отырғанда Адамзаттың Айтматовы былайша ақтарылыпты: «Сұлтан, сенің арқаңда ырғалған үлкен ел жатыр. Сол екінші жұртыма айналған Қазақ Еліне деген менің сүйіспеншілігім, құрметім, махаббатымды осы әңгімелесуде де білдірмек болып әрекеттендім». Шықаңның осылайша телегей тілегін арнауы тегін емес. Өйткені Сұлтекеңнің ұлы әңгімешілермен білгірлікпен, өнерпаздықпен ой сабақтауы – олардың шығармашылық еңбегінің көркемдік, пәлсапалық, әлеуметтік мәнін барынша терең зерделегендігінің жемісі.

Мысалы, «Алыптардың ақырғы сардары» Ғабит Мүсіреповпен тұлғатану, өмір, өнер, әдебиет, ғылым, замана жайында және «Оянған өлке», «Жат қолында» дейтін кесек те күрделі романдарының жазылу тарихы турасында 20-дан аса сағат бойы ыждаһатпен тыңдау немесе қара жердің

кемесіндей салмақты, салиқалы, сарабдал Ғабиден Мұстафинмен 15 жыл бойы кеңесіп шүйіркелесуі және де таңдап, талғап, дәлдеп, көркемдік мәнісімен «ой мен сөздің ұлпасын» қолдануын әсерлі баяндауын кемел келісіммен өрнекті сөйлетуі қандай ғанибет десеңізші!

Сұлтекеңде лидерлік мінез бен стратегиялық ойлау бар. Сондықтан да болса керек, қаһармандықтың мектебіндей «Көшпенділер», «Алтын Орда» трилогияларының көркемдік-пәлсапалық және идеялық мазмұнына бойлап, Ілияс Есенберлиннің шығармашылық әлемі хақында халықтың тарихи зердесін байытатын келелі ойлар туындатты. Ұлы Даланың жеті ғасырлық тарихын толғаған, қопара қозғаған Ілияс Есенберлиннің жүрегіндегі сыр дестесін, мүбәрәк лебізін: «Сұлтан, соңғы кезде құлағымнан Даланы дүбірлеткен жойқын сарын – Тұмар ханшаның, Білге қаған мен Күлтегіннің, одан бері де өзім жазған қазақ хандарының рухы оянған тәрізді. Көресің, халық мерейі әлі де көтеріледі» деп, көрегендік болмысын мәлімдейді. Бұл айбынды, асқақ сөз – ХХ ғасырдың төрінде Сұлтекеңдей сабаздың айтуымен саңқылдап естіледі.

Бір өзі энциклопедия, бір өзі театр, бір өзі сол бір ХХ ғасыр жақсыларының көзі Сұлтан ағаның «Өркениет мәйегі» деген дәуірнамалық еңбегінде мемлекет тілі кешенді құбылыс, ол – елдіктің айнасы, халықтың ары, даналықтың әлемі, рух кітабы, билік құралы, ұлт тұтастығы мен отаншылдықтың беломыртқасы. Тәуелсіздік тұсында Тіл комитетінің тізгінін баһадүрлік мінез, харекетпен жүгендеп ұстаған ол ұлт тілін шекараны қорғаған ерлерше қимылдап қорғады.

«Шындық және көркемдік шешім», «Өмірмен өзектес өнер», «Телетеатр – өнердің жаңа түрі», «Қазақ зиялылары туралы антология», «Өнер өрісі» деген төлтума шығармалары – қазақтың көркем ойы мен көркемөнеріне қосылған баға жетпес қазына.

Қайраткер Сұлтан Оразалының шығармашылық өмірбаянын зерделесек, интеллектуалдық деңгейін сөйлетсек, ол, шын мәнінде, әдебиет сыншысы, өнер зерттеушісі, аудармашы, тележурналист, теледраматург, баспагер, іскер, білгір, ұтқыр ұйымдастырушы.

Ол 1964-1984 жылдарда Қазақ телевизиясында істеген шағында үш жүздей сценарий (телесұхбат, теленовелла, телеинсценировка) жазған және бір мыңдай хабарларды шеберлікпен жүргізген. Комментатор болу дегеніміз – әрі шығармашылық иесі, әрі диктор, әрі редактор, әрі репортер, әрі интервьюер, әрі режиссер, әрі импровизатор, әрі эфирде жұмыс істейтін журналист деген сөз. Журналистің эфирдегі импровизаторлық қызметі сан алуан, сан қилы. Ерен еңбек пен тегеурінді қабілет-қарымды қажет ететін өнердің күрделі саласы. Ұлттық теледидардың іргетасын қалаушылардың сапында Сұлтан Оразалының қайраткерлік, санаткерлік, қаламгерлік тұлғасы өз алдына өзгеше бір

әлем. Өйткені Қазақ теледидар өнеріне, телеөнімдерге ұлттық рух пен мазмұн, терең дүниетаным дарытты, халықтық дәстүр мен тіл мәдениетін дамытты. Бұл орайда Сұлтан Оразалы ел жүрегін толғандырған «Қымызхана», «Халық қазынасы», «Өнер көзі – халықта», «Шұғыла», «Сахна», «Творчестволық портреттер», «Поэзиялық кеш» сияқты бағдарламалардың авторы. Бұлар танымдық мәнімен, көркемдік сәнімен, шеберлік қырларымен халық санасында берік ұялаған-ды. Елдің жан құмарын, мейірін мейлінше қандырған «Өнер көзі – халықта» дейтін бағдарлама болатын. Әсіресе, сол бір 1976 жылы Манап Көкенов пен Мұқаш Байбатыровтың айтысы көрсетілген-ді. Көрермендер тосын ақындық тапқырлыққа, импровизаторлық өнерге куә болған-ды. Қазіргі айтыстың гүлденуіне осындай көрсетілімдердің жойқын әсер еткені анық. Демек, терең тамырлы, тарихы ғасырлар тұңғығына тірелетін ұлттық, халықтық айтыс өнерінің ХХ ғасырдың үшінші ширегінде өркендеуіне белгілі бір дәрежеде соны соқпақ салған Сұлтан Оразалы десек әділеттілік болар еді. Және де оның 1982 жылы «Айтыс» атты бағдарламасы Қазақ телевизиясының тақырыптық жоспары бойынша кітапша түрінде жарияланды. Руханият шырақшысы Мұхтар Әуезовтің даналық дәрісін тыңдау, Қайнекей Жармағамбетовтің бай кітапханасында білім теңізінен тиянақты, мұқият жеміс теру, Ғабдол Слановтың шаңырағында тұрып, тәлім алу – жас науша Сұлтан Оразалының маңдайына бұйырған бақыт. Жақсылардың мәжілісі, сұхбат-әңгімелері – Сұлтекеңнің ой өрісінің, таным-пайымының, көзқарасының, шығармашылық тұлғасының қалыптасуы мен дамуына әсер еткендігі даусыз. Жүзі жарқын, қимылы кесек ғасыр абыздары, замана заңғарлары, театр саңлақтары Ғабит Мүсіреповпен, Ғабиден Мұстафинмен, Серке Қожамқұловпен, Шәкен Аймановпен, Ілияс Омаровпен, Әбілхан Қас-теевпен, Ілияс Есенберлинмен жүргізген тарихи сұхбаттары – ұлт мәдениеті мен көркемөнерінің алтын парақтары деуге болады.

Кемеңгерлердің кеңесінде елшілдік, мемлекетшілдік істер, дәуір шындығы, халық өмірінің шежіресі, өнер құпиясы мен зертханасы талғам таразысында өлшенеді.

Иә, осыншама қисапсыз сұхбаттар қыруар қайрат-жігерді тілейді. Мысалы, Сұлтекең Ғабит Мүсіреповтің шынайы табиғатын, сырын, мінезін, ойлау жүйесін тану мақсатында 24 сағат емен-жарқын сөйлескен, құштарлықпен сырласқан. Сөйткенде ғана сөз бен ой зергерінің болмысын ашқан. Себебі осындайда алғыр-тапқыр жүргізушінің ұйымдастыру қабілетінің, ішкі мәдениетінің, импровизациясының, білімділігінің рөлі айрықша. Сондай-ақ А.С.Пушкиннің «журналист – мемлекет адамы» деуінде сыр бар. Мемлекеттің мұрат-мүддесі, өнері, ғылымы, мәдениеті, тілі, дәстүрі, тележурналистің бағыт-бағдары, құбыланамасы.

Сонымен қатар С.Оразалы ұлт қайраткерлері ғана емес, әлем суреткерлері Файз Ахмад Файз, Алекс Ла Гума, Расул Ғамзатов, Қайсын Кулиев, Шыңғыс Айтматов, Валентин Распутиндермен (мұның өзі 30 шақты) іңкәрлікпен жүргізген сұхбаттарын ескерсеңіз, оның өмір жорығындағы, өнер жолындағы, ар алдындағы істеріне қызығасыз. Иә, «жалынды адам – жақсылардың арасында алып» демей ме қазақ қағидаты.

Кемел парасат иесі С.Оразалының шығармашылық өнернамасының басты нысанасы – бірегей қазақ зиялыларының тұлғасын сомдау, ұлағаттағлиматын ұлт санасына сіңіру. Осы ретте оның «Қазақ зиялылары туралы антологиясында» ұлт мәдениеті мен тарихындағы Ұлт, Замана, Дәуір атынан сөйлейтін көсем пікірлі тұлғалардың болмыс-бітімі білімпаздықпен, өнерпаздықпен, зерттемпаздықпен келісті мүсінделген. Мәселен, «Дала даналары», «Жүрек айнасы» (Ғабиден Мұстафин жайлы), «Заңғар» (академик Салық Зиманов туралы), «Тарлан» (академик Сұлтан Сартаев жайында), «Даңғыл» (академик Ғайрат Сапарғалиев турасында), «Дархан» (академик Мұрат Баймаханов) жөнінде, ал «Ақ шағылда тұрған арман» мен «Парасат биігінде» дейтін деректі фильмдердің сценарийлері ұлттың ұлы суреткері Әбіш Кекілбаевтың ғұмырбаяндық өмірбаяны сұңғылалықпен шебер сипатталады.

Тележурналист Сұлтан Оразалының көгілдір экрандағы қызметі, жаратылыс-болмысы, қадым заманның билеріне ұқсаған ұшқын атқан жанды, жалынды ой-толғаулары, білімдарлық, интеллектуалдық, тапқырлық келбет-кескіні, тереңді, қияны барлап шолатын қырағы көзқарасы, көркемдік танымы көрермендердің өлшеусіз ықыласын тудырған еді. Бұл орайда 2007 жылы «Абай – қазақтың ұлы биі» дейтін деректі фильміндегі мына бір дарқан лебізінде дәуірнамалық сипатқа ие ел өмірінің тарихы мен тағдыры бар. Айталық: «Қасиетті қарт Шыңғыс! Тарихтың есте жоқ ескі замандарынан бері баурайын сан түрлі қауым мекен еткен, ұрпағына ұя болған, суықта пана, ыстықта сая құт қоныс!

Топырағы торқадай,

Жапырағы қамқадай,

Шөбі шыны тортадай,

Қара суы сорпадай

Шыңғыс деген осы жер!

Ақын Қалихан Алтынбаев осылай жырлайды.

«Қылышын қыстай байланған (Ақтүтек боран астындағы Шыңғыс суреті), Жадырап жазда жайланған (Жазғы жайлау көрінісі), Томсарып, күзде ойланған (Шетсіз-шексіз күзгі сары дала), Әр шоқысы аңыз боп,

Ертегіге айналған. Тау біткеннің ағасы (Құндыздыдағы Торғауыттан түсірілген Шыңғыстың жалпы көрінісі) Шыңғыс деген жер осы!».

Бауырында малы соңырқап (Шеттің бойындағы шалғында жатқан мал), Басында боран, қыс тұрған (Түйеөркештегі қысқы көрініс), Асан Қайғы таңырқап (Желмая мінген, сақалы беліне түскен қарттың суреті), Үш қайырылып, үш тұрған Шыңғыс деген жер осы!».

«Туғызды Шыңғыс Мамайды (Мамай кесенесі), Туғызды Шыңғыс Абайды (Абай суреті). Шәкәрім, Шәкір, Көкбайлар (бұл суреттер Шыңғыстаудың баурайында екінші экспозицияда жылжып өтеді), Шалқар шабыт, отты ойлар. Ең соңында толғатты Мұхтардай Гималайды (Мұхтардың суреті)» Құдіретті күйдің фонында Шыңғыс көріністері тағы да 5-6 секундқа созылады».

Қазақ телеөнері тарланбозының зергерлікпен зерлегендей түйдекті ой шумақтары өнер атаулының айрықша түрі – телевизияның өзіне хас қызмет әрекеті, кереметі ұшан-теңіз көркемдік бейнелеу құралдарымен (сурет, музыка, табиғи суреттер) тұтасқанда ғажайып әлемнің құшағына енгендей көл-көсір, мол әсерде боласыз.

Сұлтекең – Шыңғыстау тарихының білгірі. «Абай елі» атты альбом-шежіреде ақыл-ойдың алыптары дүние есігін айқара ашып, жалпақ жаһанға құдіретті, қуатты ана тіліміздің інжу-маржандарын жарқырата шашқан дана Абайды, біртуар Шәкәрімді, үздік жаратылған Әуезовті тудырған әрі керемет өлке келбетін, жер-суын, тау-тасын, бел-белесін, пүліш барқыт жамылып, масатыдай құлпырған жайлаулары мен құтты қыстауларын, ботаның көзіндей мөлдіреген көлдері мен күркіреп аққан өзендерін көріп, шежіресін тыңдап, арғы-бергі ғасырлар даусын естігендей әсерге бөленіп, жүрегіміз нұрға, көңіліміз сырға толады. Абай заманында бес болыс елдің тұрақ-мекені Шыңғыстау тізбегінде небір ұлы оқиғаларға, аңыздарға куә болған қаншама даңқты таулар бар екендігіне осынау альбом-шежірені парақтағанда көзіміз жетеді.

Альбом-шежіре аңызға айналған тарихи өлкенің жан тебіренерлік тамаша көріністерін, ұлы оқиғалардың, ғажайып ескерткіштердің, киелі ғимараттардың, адамзаттың рухани дамуына жойқын әсер етіп, қуатты ағын қосқан кесек, бірегей шығармалардың аясында шебер көрсете білген. Суреттердің мағыналылығы, тарихылық, шежірелік сипаты, көркемдік күші айрықша. Бірін-бірі қолдап қанағаттандырған. Абай шығармаларының өзегін, оттай лебін, Шәкәрім поэзиясының ойшылдық өрнегін, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының ұлылығын, суреткерлік, бейнелілік ой жүйесін мейлінше терең, толық, жан-жақты тануға, түсінуге осы альбом-шежіренің пайдасы сол, көрнекілік көмегі ересен. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп, жан-тәнімен тұтас беріліп өсиет айтқан Абай адамзат атынан сөйлеген. Абай – ғаламға ортақ тұлға.

Абай мұрасы – адамзатқа ортақ игілік. Бұлардың бер жағында тілінен бал тамған, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» тамылжыта жырлаған Шәкір Әбенев, ұлттық әдебиет тарихындағы тұңғыш романның авторы Тайыр Жомартбаев, тағы басқалар ойға оралады.

Әрбір суретке берілген түсініктеме оқырманның зейінін аударып, ішкі рухани дүниесінде нұрлы сипат дарытады. Оқығанды, естігеніңді, тыңдағаныңды, енді көзбен көріп, қолыңмен ұстап, көңілге бекітесің, алдына алып, іштей дидарласасың...

Мысалы, ұлы Абайдың кіндік қаны тамған Қасқабұлақ жотасының бейнесі. Көкірегі даңғыл әжесі Зереден, анасы Ұлжаннан туған халқының небір сұлу ертегі-аңыздарын, көркем әңгімелерін сүттей ұйып тыңдап, кеудесіне тоқыған, қиялына қанат байлаған әр таңды таңға ұластырып, бұлбұл құстай сайраған жыршыларды, жырауларды, ақындарды көрген сүйікті мекені екені баса көрсетілген. Бұған қоса суретшілер А.Волощиктің «Бала Абай жыр тыңдап отыр» (1948) және Е.Сидоркиннің «Абай және әжесі Зере» (1960) атты туындыларын ұсынған. Міне, осылайша жасау – ұлы Абайдың туған жері жөніндегі ұғымымызды тереңдете түседі. Ақынның «Күз», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңдері осы ардақты Қасқабұлақта жазылған.

Абай бақытына балап, жүрегі Тоғжанды қалаған, бала махаббатының куәсі болған, «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Көзімнің қарасы» дейтін ақ жамбыдай қымбат өлеңдері туған Түйеөркеш, Әйгеріммен қауышқан Шілікті кезеңі, Жидебайдағы Абай қыстауы, ақын мінген күймелі пәуеске, Абайдың қауырсын қаламы, қалта сағаты, шақшасы, тоғызқұмалағы. Сондай-ақ дүниенің ғылымын, Алланың ғылымын ғаламат құлшыныспен, жігер-қайратпен зерттеген, әлемнің даңқты адамдарымен, ғұлама хакімдерімен, ұлы ақындарымен шүйіркелесіп, сырласқан жері – Абайдың Аралтөбедегі қыстауының жөні бөлек.

Абай елі туралы альбом-шежіреде жортуылшы жырау Ақтамберді мен Нысан абыздың, Мамай мен Тоқтамыс батырлардың, Еңлік-Кебектің, Кеңгірбай бидің, оның баласы Ералының, Қозы Көрпеш – Баян сұлудың мазарлары, Құнанбай қажы мен ұрпақтарының, Зере мен Ұлжанның, Ділдә мен Әйгерімнің, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» повесіндегі Ғазизаның аянышты тағдырының куәсі болған Күшікбай асуындағы Күшікбай батырдың бейіттері. Шәкәрімнің «Саят қорасы», Қоңыртаудағы көкжал Барақ сұлтанның мекені, сондай-ақ Қоңыр әулие үңгірі, қола дәуірінің петроглифтері, балбал тастар, Қарқаралы шаһарындағы Құнанбай қажы салдырған мешіт, Семейдегі қос мұнаралы мешіт, Көкбай медресесінің жұрнағы берілген. «Күлімсіреп аспан тұр, жерге ойлантып әрнені» деп, Абайдың өзі айтқандай, табиғатта да даналық бар. Салмақтай білген, көріп сезіне білген саналы жанға, саңлақ суреткерге небір ойларды әсерлеп, мәнерлеп, өрнектеп айтуға, жансыз табиғатты сөй-

летуге, адам өміріне, замана болмысына байланыстырып айтуға үзілмейтін қор сияқты. Мысалы, «Шыңғыстағы шынар» суреті көңіл айнасына түрлі ой түсіреді. Қара тасты жарып шыққан шынар ағаш. Қайран қалмасқа лажың жоқ. Осы бетте «Абай жолы» эпопеясындағы мына бір күйлі-қуатты, сырлы-толқынды лебіз әдемі келтірілген: «Бір кезде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тасты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар балғын тартып, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді».

Альбом-шежіреден Абай оқыған Ахмет Риза медресесін көргенде де көңілің де, көзің де тояды. Осы медресенің қабырғасында жеткіншек Абай Уфадағы «Ғалия» медресесін ұйымдастырған, В.Радлов, Л.Толстойлармен пікірлес, сыйлас болған, араб тілінде «Өткен бабалар өмірінен» атты жеті томдық күрделі еңбек жазған Шаһабуддин Бағаутдинұлы Маржанидің (1818-1889) шәкірттерінен тағылым-тәрбие, өнеге-үлгі алады.

Қоянды жәрмеңкесінің көріністерін көрген сәтте-ақ тарих сөйлеп қоя береді. Іргесі 1848 жылы қаланған Қоянды жәрмеңкесіне Сібір, Орал, Орта Азия, Батыс Қытайдың саудагерлері қатысқан. 1870 жылдарда жәрмеңкеге әкелінген мал жарты миллионға жеткен. 200-дей сауда орындары ұзын-ұзын төрт қатарға орналасқан. Ұлттық ойын-сауықтар ұйымдастырылған, оқу үйі жұмыс істеген. Ақындар, әншілер, жыршылар, өнер дүлдүлдері Біржан сал, Құлтума, Шашубай, Иса, Майра, Ғаббас, Абай, тағы басқалар болған. Қоянды жәрмеңкесі өз жұмысын 1930 жылдарға таман тоқтатты.

Абай елінің ұлылығын Құнанбайдың жайлауы Бақанас, Майқы би қатынасқан, Шыңғысты ақ киізге отырғызып, хан көтерген Хан тауы. Абай, Шәкәрім, Мұхтар саясатшылық құрған Сарыкөл, Көлденең өзенінің бойындағы Базаралының қыстауы, Жұпар қорығындай Қопа көлі, аспанмен тілдескен Арқат тауы, Әуез қыстауы ірілендіре, толықтыра нұрландыра түседі.

Альбом-шежіреде Семейге жер ауып келген, білім-ғылыммен мұздай қаруланған А.И.Долгополов пен Е.П.Михаэлистің, Н.Я.Коншин мен Л.Д.Лобановскийдің және ауыз әдебиеті үлгілерінің жинаушысы, білгір фольклоршы Г.Н.Потанин мен Шоқанның досы Ф.М.Достоевскийдің суреттері орналастырылған. Кітаптың мән-маңызын арттыру мақсатында әйгілі қылқалам шеберлері, атап айтқанда, Н.Хлудовтың, Ә.Қастеевтің, Ә.Ысмайыловтың, А.Ғалымбаеваның, Н.Нұрмұхамедовтің, Ү.Әжиевтің және басқалардың суреттері пайдаланылған.

«Өткен замандардың әрбір ұлы ақыны – заман мұхитын кезіп жүрген кеме. Оның сапары талай ғасыр таусылмауы мүбәда» деп П.Антокольский айтқандай, ақыл-ой, сана-сезім қазынасына толы Абай кемесі мәңгілікке күмбірлеп жүйткіп жол тартып барады.

«Көкке бір кісі ұшады, етегіне мың кісі сыяды» дегендей, Абаймен бірге «қалың елі, қазағы» да, Шыңғыстауы да ұшып бара жатқандай. Иә, Абай елі жайлы альбом-шежіренің де шертер сыры, толғар күйі де сан алуан.

Өрі-қыры бірдей, білім-білікпен мұздай қаруланған, руханият кеңістігі байтақ, «қимылы қырық қызық сөздің» сиқырын сезінген, әрекеті берекетке ұласқан, әділдіктің жаршысындай Сұлтекеңе қазақтың абыз ақыны Мұзафар Әлімбайдың: «Әз халқыңның ортасында, бауырым, жас беренше жайнаң қағып жүр талмай!» дегенін қайталағым келеді.

Серік НЕГИМОВ